



Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен Алғыс айту күніне арналған «Барлығына рақмет» челленджін өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен Алғыс айту күніне арналған «Барлығына рақмет» челленджін (бұдан әрі – Челлендж) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Челлендж «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3 **Мақсаты:** өскелең ұрпақтың бойында толеранттылық, ересектерге құрмет және бір-біріне деген достық сезімін тәрбиелеу, сондай-ақ этносаралық және ұлтаралық келісімді нығайту.

1.4. Міндеттері:

- Қазақстандағы этносаралық келісім мен ұлтаралық қатынастарды нығайту;

- балалардың сыйластық құндылығы, ризашылық, рақмет, алғыс туралы түсініктерін кеңейту;

- балабақша мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру;

- ата-ана бойына өздерін тәрбиеші ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту.

2. Челленджді ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Челленджді ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар және астана білім басқармалары, аудандық бөлімдер.

2.2. Челленджге мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілері және ата-аналар (заңды өкілдер) қатысады.

2.3. Челлендж бір кезеңде өтеді.

2.4. Бейнероликте қатысушының аты-жөнін, жұмыс орнын (мектепке дейінгі ұйым атауы) және өңірін көрсету қажет.

2.5. Бейнеролик челленджді өткізу кезеңінде қатысушының Instagram желісіндегі **#Барлығынарақмет** хэштегімен жеке аккаунтында орналастырылуы тиіс.

2.6. Хэштегсіз роликтер (дұрыс көрсетілмеген хэштегтер) қатысуға қабылданбайды.

2.7. Жалған, жабық аккаунттар және жазылушылар саны 5-тен кем аккаунттар қатысуға қабылданбайды.

2.8. Instagram-да @doshkola_kz аккаунтына жазылу міндетті.

2.9. Бір қатысушыдан тек бір ғана бейнеролик қабылданады.

2.10. Бейнероликке қалдырылған комментарийді санау барысында оның сапасына, мазмұнына мән беріледі. Смайлик ретінде қалдырылған комментарий саналмайды. Бір аккаунт бір ғана комментарий қалдыруы тиіс.

2.11. Челленджді өткізу мерзімі: **2024 жылдың 29 ақпаны сағат 00:00 ден 1 наурыз сағат 00:00-ге дейін.**

3. Бейнероликке қойылатын талаптар

3.1. Челленджге қатысушы ұзақтығы 1 минуттан аспайтын ата-аналарының қатысуымен Алғыс айту күніне арналған бейнеролигін ұсынады.

3.2. Бейнероликтің мазмұны қазақ халқының және елдің түрлі этностарының ортақ тарихына құрмет көрсетуге, баршаның жадында қазақтың кеңпейілдігін, мейірімділігін, ұлтымыздың адами құндылықтарын жаңғыртуға, сондай-ақ іс-шараларды өткізудің креативті нысандарын таңдауға арналуы тиіс

3.3. Ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнеролик қаралмайды.

3.4. doshkola_kz парақшасының Direct-ке жіберілген бейнероликтер қабылданбайды және қарастырылмайды.

4. Бағалау критерийлері

4.1. Бейнеролик келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- бейнероликтің Челлендж тақырыбына сәйкестігі;
- шығармашылық жаңашылдығы;
- өзіндік ерекшелігі;
- орындаушылардың мәнерлілігі мен эмоционалдылығы;
- дыбыстық сүйемелдеудің, бейне эффектілердің болуы.

5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. Челлендж қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленді:

- I орын;
- II орын;
- III орын.

1 орын – бейнероликке ең көп комментарий жинаған аккаунт;

2 орын – бейнероликке ең көп лайк жинаған аккаунт;

3 орын – бейнероликке ең көп қаралым жинаған аккаунт.

Ескерту. Бейнероликке ең көп комментарийлер, лайк және қаралым жинаған аккаунттың санын санау барысында бағалау критерийлеріне сәйкестігі ескеріледі (4-тармақ).*

5.2. Жеңімпаздар Институттың дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталады.

5.3. Челлендж қорытындысы мен жеңімпаздардың материалдары Институттың <http://irrd.kz> сайтында жарияланады және әлеуметтік желілер парақшаларына орналастырылады.

Анықтамалар үшін телефон: 8 (7172) 28-09-50